



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2025 жылғы 6 наурыз

Қазақстан қор биржасы Халықаралық қаржы корпорациясымен бірлесіп "Ring the Bell for Gender Equality" салтанатты рәсімін өткізді

2025 жылдың 6 наурызында "Қазақстан фонд биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) Халықаралық қаржы корпорациясымен (бұдан әрі – IFC) бірлесіп Біріккен Ұлттар Ұйымының "Тұрақты қор биржалары" бастамасын (Sustainable Stock Exchanges Initiative, бұдан әрі – SSE бастамасы) іске асыру шеңберінде сауда-саттық сессиясының ашылуына орай жыл сайынғы "Ring the Bell for Gender Equality" салтанатты рәсімін өткізді. Оның аясында "Шын мәнінде әйелдер әлі күнге дейін ерлерге қарағанда аз инвестиция сала ма?" тақырыбында ашық сұхбат және "Өнертапқыштық батылдық: инновация әлеміндегі әйелдер" тақырыбында пікірталас өтті.

"Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттық сессиясын ашу салтанаты әлемдік қоғамдастықтың назарын тұрақты даму саясаты мен ESG принциптері контекстінде гендерлік теңдікті қолдау және гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына аударуға бағытталған.

Сауда-саттық сессиясын ашу салтанатында "KASE клиринг орталығы" АҚ-тың төрайымы Наталья Хорошевская, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаментінің директоры Әсел Әмірбаева, IFC Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Екатерина Бенджамин және "БҰҰ-Әйелдер" Қазақстандағы құрылымы офисі басшысының м.а. Дина Амришева сөз сөйледі.

"Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттық сессиясын ашу салтанаты – бизнес пен қаржы саласындағы тең мүмкіндік мәселелеріне назар аударуға бағытталған маңызды халықаралық бастама. KASE оған 2017 жылы қосылды, сол уақыттан бері Қазақстанда гендерлік теңдік принциптерін, бизнес пен қаржы саласындағы әйелдерді қолдауды, сондай-ақ олардың стратегиялық басқаруға және шешім қабылдауға қатысуын белсенді түрде насихаттайды. Біз әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту экономика мен қоғамның тұрақты дамуында маңызды рөл атқарады деп сенеміз", – деп атап өтті Наталья Хорошевская.

Қазақстандағы IFC Өкілдігінің басшысы Екатерина Бенджамин: "Технология қарқынды дамып, адам капиталы негізгі факторға айналып отырған қазіргі әлемде гендерлік теңдік – бұл әділдік мәселесі ғана емес, ұзақ мерзімдегі даму мен инновация үшін қажетті талап. Қазақстандағы IFC ауқымды зерттеуі директорлар кеңесі құрамының кемінде 30%-ы әйелдер болатын орта және ірі ұйымдар айтарлықтай жоғары қаржылық нәтижеге жететінін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда

"Ring the Bell for Gender Equality" бастамасы гендерлік теңдік пен тұрақты экономикалық өсімді ілгерілетуде маңызды рөл атқарады", – деді.

Сауда сессиясын ашу салтанатында "Jusan Invest" АҚ Клиенттермен жұмыс жөніндегі директоры Жәмиля Сәрсенбаева және "Freedom Finance" АҚ сыртқы байланыстар жөніндегі атқарушы директоры Михаил Новоселов "Шын мәнінде әйелдер әлі күнге дейін ерлерге қарағанда аз инвестиция сала ма?" тақырыбында өткен ашық сұхбатта сөз сөйледі. Сарапшылар инвестициялау тұрғысынан гендерлік инклюзивтілік, әйелдер кәсіпкерлігі және жасыл қаржыландыру мәселелерін талқылады.

Халықаралық іс-шара аясында "Өнертапқыштық батылдық: инновация әлеміндегі әйелдер" тақырыбында өткен пікірталасқа спикер ретінде "Big Sky Capital VC" компаниясының серіктесі және тең құрылтайшысы Жан Қарсыбаев, кәсіпкер және венчурлы инвестор, Clever Market және Teez Marketplace компанияларының тең негізін қалаушы Ерлан Исекешев, Women in Tech Kazakhstan, Microsoft Kazakhstan компаниясының Клиенттермен жұмыс жөніндегі директоры Толқын Нурушева және Yaуа стартапының негізін қалаушы Лаура Ералиева қатысты. Олар өздерінің табысқа жету жолын бөлісті. Пікірталастың модераторы "Қазақстан фонд биржасы" АҚ-тың Басқарма мүшесі, IT жөніндегі басқарушы директоры Елдос Қуанышбеков болды.

Сауда-саттық сессиясын ашу салтанатын өткізу қазақстандық қаржы қоғамдастығы үшін жақсы дәстүрге айналды және заманауи бизнес жағдайында гендерлік әртүрлілік тақырыбында сұхбат өткізуге арналған платформа болып табылады. Гонг соғу рәсімімен сауда-сауттық сессиясын KASE Басқарма төрайымының орынбасары Ермек Мажекенов, "БҰҰ-Әйелдер" Қазақстандағы құрылымы офисі басшысының м.а. Дина Амришева, IFC-дің Орта Азия мен Түркиядағы экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) практикаларын дамыту бағдарламасының жетекшісі Адалят Абдуманопова, "Altyn Bank" АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) Басқарма төрағасының орынбасары Жанар Айкимбаева, сондай-ақ "Jusan Invest" АҚ Клиенттермен жұмыс жөніндегі директоры Жәмиля Сәрсенбаева ашты.

KASE бұл салтанатты рәсімді БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасы аясында 8-ші рет өткізіп отыр. KASE бұл бастамаға 2015 жылы қосылды. Бұл акцияны әлем бойынша дәстүрлі түрде UN Women ұйымы, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), "Әйелдер және биржалық индекс қорлары" ұйымы және Дүниежүзілік биржалар федерациясы қолдайды. Жыл сайын әлем бойынша 100-ден астам биржа UN SSE бастамасы аясында гендерлік теңдікке арналған сауда-саттық сессиясын ашу салтанатын өткізеді.

"Тұрақты қор биржалары" бастамасының маңызды бағыттарының бірі ұйымдардың гендерлік теңдікті қолдау арқылы БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына жетудегі маңызды рөліне назар аудару, жеке секторда әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту және қаржыландыруға қол жеткізу туралы хабардарлығын арттыру екенін атап өту қажет.

Күн тәртібіндегі басты мәселе гендерлік инклюзивтілік болған осы іс-шара Халықаралық әйелдер күні қарсаңында өткізілді.

Анықтама үшін

«Қазақстан қор биржасы» АҚ – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші және акциялар нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен FEAS биржалары арасында төртінші орынды алады. Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюталық своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуропа-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS), Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД БХД), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ «Тұрақты қор биржалары» – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.